


22.01-26.01.24 ж аралығында «ИФМ-әлемнің үш тірегі» атты информатика, физика, математика пәндерінің апталығы өтеді. Апталықтың мақсаты: цифрлық технологияларды және оқытудың қызықты әдістерін қолдана отырып, оқушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру, пәнге деген қызығушылығын ояту, өздігінен білім алуға баулу, нақтылыққа тәрбиелеу.



22.01.2024ж ИФМ пәндер апталығы аясында пән мұғалімі Н.К. Онбаев 3"Б" класында "Құжатты рәсімдейміз" тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: Оқушыларға MS OFFICE Word бағдарламасында жұмыс жасауды үйрену, мәтін теруде қаріпті (шрифт) таңдау, көлемін өзгерту. Мәтіннің орналасуын, абзац көлемін түзету. Сабақ барысында қауіпсіздік ережелерін еске түсіру үшін ережелер бейнеленген "Допты лақтыру" әдісі, оқушыларды бағалауда "Стикерлер" әдісі қолданылды. Практикалық жұмыс процессінде "Сергіту сәті" өткізілді. "Инстаграм" әдісімен оқушылардың сабақтан алған әсерімен бөлісу арқылы сабақ бекітілді.





Бүгін 23 қаңтарда 6 "А" класында «Симметрия – әсемдік әлемі» танымдық кеші өтті.

Мақсаты: Оқушыларға симметриялық фигуралар туралы мағлұмат беру, симметрия маңызын шығармашылық жұмыстарда көрсете білу; Құндылықтармен байланыстыру; Симметрияның үйлесімділік екеніні анықтау; "Симметрия адамзаттың сан ғасырлар бойы сәндікті жетілдіру үшін ашуға әрекет еткен ұсынысы болып келеді". Оқушылар жоба дайындап, әртүрлі суреттерді салды. Сабақта "Амандасу" тренингі, "ғылыми жоба", "Пазлдармен жұмыс", "Ойланып сал" симметриялы суреттерді салу, "Тоқсан ауыз сөздің, тобықтай түйіні" рефлексиясы жасалды. "Толық адам" ілімімен жүрек, қол, бас арқылы қорытындыланды. Пән мұғалімі: Тилешева Зульфия Ермекбаевна



23.01.2024 ж күні 10 «Ә» класында информатика пәнінен «HTML тілінде практикалық тапсырмалар» тақырыбында ашық сабақ өтті. Ашық сабақтың мақсаты: HTML тілінде мәтінді форматтау тегтерін пайдалану арқылы web сайтта тізімдер мен кестелер әзірледі үйрену. Сабақта «Сары-жасыл гүлдер» тренингі арқылы психологиялық ахуал жасалды. Гүлдерінде өткен сабақты пысықтау сұрағы жасырылды. Толық жауап берді. Qazmazh.net қосымшасы арқылы топқа бөлінді. «DEAI» әдісі арқылы jamboard тақтасында топтық жұмыс жасалды. «Мозайка» әдісі арқылы жұптық жұмысы жүргізіліп, «Орында және көрсет» әдісі арқылы HTML тілінде компьютерде практикалық тапсырмалар орындалды. «Үздік оқушы» әдісі арқылы flirpity.com қосымшасы арқылы бекіту сұрақтары берілді. «Білім банкоматы» әдісі арқылы кері байланыс жүргізіліп, бағаланып, үйге тапсырма берілді.



24.01.2024 ж физика пәні мұғалімі Зурбаева М.Б. 9 «А» класында «Тербелмелі қозғалыс» тақырыбында ашық сабақ өткізді.



Сабақтың мақсаты:


Еркін және еріксіз тербелістерге мысалдар келтіру;

Эксперименттік әдіспен амплитуда, период, жиілікті анықтау;


Формулаларды қолданып, период, жиілік, циклдік жиілікті анықтау.

Сабақ домбыраның сүйемелдеуімен «Әке туралы жыр» әнінің айтылуымен басталды, «Суреттер сөйлейді» әдісі арқылы оқушылар жаңа тақырып ашты, мұғалім жаңа материалды түсіндірді, қызық мәлімет айтты, бағалау кестесі мен тапсырмалардан тұратын жұмыс парағын таратты, оқушылар білімclass платформасынан тапсырмалар орындап, есептер шығарып, эксперименттік тапсырманы орындады. Сабақты бекіту мақсатында оқушыларға «Мен кімін? Мен немін?» ойыны ойнатылды.

Мұғалімдер quizlet сервисінде жаңа тақырып бойынша білімдерімен сынасты. Сабақ соңында «+/-/қызықты» рефлексиясы жасалды.



Бүгін 24 қаңтар күні «Квадрат теңдеулердің комплекс түбірлері», «Алгебралық түрдегі комплекс сандарға амалдар қолдану» тақырыбында 11 А класында алгебрадан ашық сабақ өтті. Сабақ барысында әдет-ғұрпымызды насихаттау барысында қонақжайлыққа тәрбиеледі; Құнды адамға тән қасиеттерді білуге үйренді; үлкенді сыйлауға, кішіпейілдікке, келген қонақты қалай қарсы алу керектігін есептер шығара отырып тәрбиеледі. Топтық, жеке, жұптық тапсырмалар берілді. Цифрлық сауаттылық танытатын тапсырмалар да берілді. Оқушылар белсенді қатысты. Пән мұғалімі Тилешева Зульфия Ермекбаевна



23 қаңтар күні 5"б" класында "Ондық бөлшектерді оқу және жазу" тақырыбы бойынша математикадан ашық сабақ өтілді. Сабақ барысында ұлттық салт-дәстүрімізді дәріптеу мақсатында топтық жұмыс кезінде ұлттық ойындарды

құрастыру арқылы "Пазл" әдісі қолданылды. Сонымен қатар, "Киндер" әдісі мен "Сергіту сәті" жүргізілді. Оқушылар сабаққа белсене қатысты.

Пән мұғалімі: Абдильдина Г.А.



25.01.2024 ж физика пәні мұғалімі Сағымбаева Ж.Қ. 7 «ә» класында «Қысқаша көбейту формулаларының көмегімен өрнектерді түрлендіру» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Сабақтың мақсаты:

Қысқаша көбейту формулаларын біледі және қолдана алады;

Сабақты бастамас бұрын бақылау парағы таратылды.Топтың атауларын анықтап,үй тапсырмасын «wordwall» платформасы арқылы сұралды.«Робот» әдісі арқылы топтық жұмыс жасалып,есептер шығарылды.Оқушылар «UNO» карточкасындағы тапсырмаларды орындап,әр тапсырма сайын бағалау парағына өз-өздерін бағалап отырды.Сабақты бекіту мақсатында оқушыларға learningapp платформасы арқылы тапсырманы орындады.Сабақ соңында «Білім қоржыны» рефлексиясы жасалып,бағаланып,үйге тапсырма берілді.





Қаңтардың 25-і күні «Самғау» қауымдастығының жоспарға сай [#34](#), 44 және [#30](#) мектеп арасында облыстық коучингі жүргізілді. Жетекші мектепте ұйымдастырылған «Цифрландыру-бүгінгі білім берудегі жаңа бағыт» тақырыбындағы коучингтің мақсаты: мұғалімдерге цифрландыру мазмұны жағдайында ұйымдастыру мәселелері бойынша ақпарат беру. Шара мектеп директоры И.Б.Амитжанова және директор орынбасары Қ.Р.Ермұханбетованың алғысөзімен басталды. Коучинг барысында психологиялық тренингтер, панорамалық сабақтар, түрлі цифрлық сервистер мен платформалар көрсетілді. Коучтар: Тилешева З.Е., Айсугирова М.А., Медетова А.М., Алтаева Л.Ж., Сағымбаева Ж.Қ және Қалдыбаева Ж.О.



24 қаңтар күні 7"в" класында "Тармақталу алгоритмдерін программалау" тақырыбында Информатика пәнінен ашық сабақ өтті. Сабақты информатика пәні мұғалімі Медетова Айгүл Мұстафақызы өткізді.

Сабақ барысында оқушылар алгоритм құруды және Python программалау тілінде код жасауды үйренді.

Сабақ барысында түрлі әдіс тәсілдер және түрлі цифрлық платформалар мен сервистер, соның ішінде Learning apps Word Woll, Prezi, Mentimetr қолданылды.

сонымен қатар балаларға сергіту үшін Нейрогимнастика жасады.


Сабақ қызықты болып мақсатына жетті.



Физика пәні мұғалімі Жубанова Жулдыз Маратовна.

9 "ә" сыныбында "Тербелмелі қозғалыс" тақырыбында ашық сабақ өткізілді.

Сабақ барысында жаңа сабақ түсіндіріліп, эксперименттік топтық жұмыстар жүргізілді. Жеке жұмыс барысында графиктік есептер шығарылды, сергіту сәтіне "тербелістер туралы алғашқы зерттеген ғалымдар" атты қосымша ақпараттар берілді, "ақсүйек" ойыны арқылы кері байланыс болды. Әрбір тапсырмалар бойынша оқушылар жеке және топта өздерін асықпен бағалап отырды.



24.01.2024 ж математика пәні мұғалімі Бисалиева А.Ж. 6 «Ә» класында «Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулерді шешу» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Сабақтың мақсаты:

бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу мен мәндел теңдеудің анықтамасын білу; бір айнымалысы бар теңдеуді шешу; мәтінді есептерді сызықтық теңдеулерді құру арқылы шешу.

Сабақты «Сіз бұны білмейсіз» атты психологиялық тренингпен бастады.

Теориялық сұрақ арқылы оқушылар өткен тақырыпты қайталады. Сабақты бекіту мақсатында оқушыларға "Ротация", "Ойлан-жұптас - бөліс", "Кім жылдам" әдістерін қолданды.

Сабақ соңында оқушыларға өздерін бағалап рефлексиясы жасады.



«ИФМ - әлемнің үш тірегі» атты информатика, физика, математика пәндер бірлестігінің апталығына белсенді қатысқан кластарға сыйлықтар тарту етілді.



